

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI
Ó. SULTANGAZIN ATYNDAGY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqylary» I-shi Halyqaralyq
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŋ
MATERIALDARY**

17-18 мамыр 2019

**МАТЕРИАЛЫ
I-ой Международной научно-практической
конференции «Султангазинские чтения»**

17-18 мая 2019

**MATERIALS
of the Ist International scientific and practical
conference «Sultangazin readings»**

May 17-18, 2019

Qostanai, 2019

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58
С 89

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

Әбіл Еркін Аманжолұлы
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасарлары:

Медетов Нурлан Амирович
физика-математика ғылымдарының докторы
Ташетов Аманжол Аскарович
PhD докторы

Редакциялық алқа мүшелері:

Утегенова Бибикуль Мазановна
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент
Евдокимова Ольга Николаевна
педагогикалық ғылымдар кандидаты
Балгабаева Гаухар Зкрияновна
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Жумабаев Канат Аканович
кандидат экономических наук
Бобренко Марина Александровна
Сатбаева Муснай Тулегеновна
Жиенбаева Аида Аманжолқызы

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

ISBN 978-601-7934-72-9

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты

ISBN 978-601-7934-72-9

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

салыстырғанда көптеген жаңа бағыттар береді, себебі, мұнда студент тілмен қатар пәнді қоса меңгереді. Мұнда оқу мен ойлау дағдылары біріктіріледі.

Қазақстанның заманауи тілдік білім беру үшін CLIL технологиясы белгілі бір дәрежеде инновациялық болып табылады. Сондықтан оны зерттеудің және қолданудың өзектілігі күмән туғызбайды.

Сонымен, ICT курсын CLIL әдістемесі бойынша ағылшын тілінде оқыту пәндердің байланысын қамтамасыз етеді және жаңа мемлекеттік стандарттардың принциптерін енгізудің практикалық нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, атап айтқанда мәдени хабардарлықты, тілдік құзыреттілікті оқуға ғана емес, сонымен қатар өмірде жаңа білімді қолдану қабілетін және тиісінше өмірлік мотивацияны арттыру, табысқа ұмтылу. Бұл нәтижесінде негізгі мақсатқа қол жеткізуге, яғни болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығын және тез өзгеретін өмірлік жағдайларда бейімделу қабілетін арттыруға әкеп соғады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2008.
2. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства»: материалы мероприятий, посвященных обсуждению Послания Главы государства / Отв. ред. Б. Султанов. – Алматы: КИСИ, 2013. – 228 с.
3. Тұрғанбекова Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005.
4. Tanner, LizDaleandRosie. CLIL Activities, 22 February 2012.
5. Kelly, Keith. Macmillan Vocabulary Practice Series: Science. б.м.: Macmillan ELT, 31 Jan 2008.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА САБАҚТАРЫНДА ОҚУҒА ДЕГЕН ЫНТАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫ

*Adjustment work on forming motivation of pupils of junior schoolchildren
with a psychological development to study in environment lessons*

Г.А. Алипбаева¹, А.Н. Кабиева²
G.A. Alipbayeva¹, A.N. Kabieva²

¹²Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қостанай, Қазақстан, gulzhanalipbaeva@mail.ru, kabiyeaan@mail.ru

Аннотация

Мақалада кіші мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, олардың оқуға деген ынталары спецификасы және оқуға деген ынтаны қалыптастыру бойынша түзету жұмысы туралы айтылады.

Abstract

The article mentions the psychological and pedagogical features of children of primary school age with mental retardation, the specifics of their training and remedial work on the formation of a desire for learning.

Кілт сөздер: Психикалық дамуы тежелген, мотивация, ынта ерекшеліктері, түзету жұмысы.

Key words: Mental development delay, motivation, enthusiasm, adjustment work.

Отандық ғалым А.Қ. Дүйсенбаев «Психикалық дамудың тежелуі» түсінігін «орталық жүйке жүйесінің органикалық және функционалдық жетіспеушілігі кезіндегі баланың

әрекетіне байланысты қолданылатын ұғым» деп келтірген. Осы сипаттағы балалардың психикалық тежелуі оқу процесінде айқын көрінеді. Яғни, оқудағы үлгермеушілік, оқу әрекетінің төмен деңгейі мен қызығушылықтарының болмауы, танымдық процестерінің өз жастарына сай дамымауы – психикалық дамуы тежелген балаларға тән.

Психикалық дамуы тежелген балалар – бұл оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кезігетін үлгермеуші балалар. Сондай-ақ бұл балалардың эмоционалды ерікті саласының жетімеуі, органикалық инфантилизммен түсіндіріледі. «Органикалық инфантилизм» терминің XIX ғасыр аяғында француз психиатрлары Лоран мен Лассег енгізген. Бұл терминмен түрлі жұқпалы аурулар мен уланулардың нәтижесінде пайда болған, психикалық және физикалық тежелулер аталған. Осылайша инфантилизм психикалық және физикалық жетілмеулердің белгілерінің тұтас құрылымы, яғни баланың жасына сай келмеуі, балалықтан арылмауы деп қарастырылады [1].

Психикалық дамудың тежелуі жүктілік кезіндегі ананың ауыр токсикозы, инфекциялық, созылмалы аурумен ауыруы салдарынан, ұрықтық кезіндегі жүйке жүйесінің зақымдануынан, гипоксиядан туындайды. Ал постнатальді және ерте балалық шақтағы психикалық дамуының тежелуіне баланың ауыр соматикалық аурулары, атап айтқанда гипотрофия, тұмау, нейроинфекциялар, рахит, одан басқа бас-ми жарақаттары, эпилепсия мен эпилептикалық энцефалопатия алып келуі мүмкін. Баланың психикалық дамуының тежелуі биологиялық факторлардың әсерінен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жағдайдалардың ықпалынан да болуы мүмкін. Оған мысал, баланың психикасына әсер ететін үйдегі келеңсіз жағдай, бала тәрбиесі мен күтіміне ата-аналардың көңіл бөлмеуі, психогенді жағдайлар әсерінен (бала ата-анасынан айырылғанда, т.б.), сәбилер мен жас балаларға мейірім мен ата-ана махаббаты, еркелету, сүйіспеншілік жетпеген жағдайда да бала психикасына әсер етіп, кейін тежелуіне алып келуі де мүмкін. ПДТ этиологиялық негіздерін жоғарыда аталғандардан бөлек баланың үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынастың болмауы немесе жеткіліксіз болуы құрайды. Ал психикалық дамудың тежелуінің екіншілік түрі сенсорлық ақпарат пен қарым-қатынастың жетіспеушілігі салдарынан болған ерте есту мен көру, сөйлеу бұзылыстарынан дамуы мүмкін.

Көптеген зерттеушілер айтқандай, психикалық дамудың тежелуінің тұрақты формалары орталық жүйке жүйесінің мозаикалы түрдегі органикалық зақымдануына сай келеді. Осы сипатымен психикалық дамудың тежелуі ақыл-ойдың дамымауынан ерекшеленеді. Себебі ақыл-ойдың дамымауы кезінде мидың күрделі құрылымдық бұзылыстары айқын көрінеді.

Психикалық дамуы тежелген балаларда сөйлеу тілі кеш дамиды. Оларда дыбысталудың жетіспеушілігі, дұрыс айтпау, аграмматизм, кедей сөздік қорының болуы жиі кездеседі. Оқу әрекетіне кедергі келтіретін бірнеше ерекшеліктерін де айтып кету маңызды. Бұл балалардың эмоционалды тұрақсыздық пен қозғыштық әрекетінде, өз әрекетін бақылай алмаушылық, оқу мотивациясының әлсіз болып, ойын әрекетінің басым болуында көрінетін эмоциональді-ерік аясындағы жетіспеушіліктер бар. ПДТ балаларға сонымен қатар моториканың, соның ішінде ұсақ қол моторикасының, қимыл координациясының қиындықтары, гипербелсенділік сай келеді. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі жастағы ПДТ балалар нормада дамып келе жатқан құрдастарынан олардың өз жастарына сай емес зейін, қабылдау, ес процестерімен, төмен дәрежедегі сөздік белсенділіктерімен ерекшеленеді.

Психикалық дамудың тежелуінің себептері көп болғандықтан, оны бір-бірінен ерекшелеп, анықтау критерийлері де көп. Сол себептен ПДТ классификациялаудың да бірнеше түрін ажыратамыз. Психикалық дамудың тежелуінің классификациясын Т.А. Власова, М.С. Певзнер, В.В. Ковалев, К.С. Лебединская, т.б. ғалымдар жасаған [2].

Жалпы балалар популяциясына психикалық дамуы тежелген тұлғалар саны 15-16% құрайды. Психикалық дамудың тежелуі – көбіне психологиялық-педагогикалық санатқа жатқызылады, бірақ психикалық дамуы тежелген негізінде органикалық бұзылулар болуы мүм-

кін, сол себептен де медицина саласында да, соның ішінде педиатрия мен балалар неврологиясында қаралады.

Балалардың психикалық дамуы әртүрлі күйде дамығандықтан, «психикалық дамудың тежелуі» деген қорытынды мектепке дейінгі жастағы балаларда 4-5 жасынан қойылса, практика жүзінде, оқудағы қиындықтарына байланысты, көбіне оқу үрдісі барысында қойылады. Психикалық дамудың тежелуіне медициналық тұрғыдан қарайтын болсақ, мұндай тежелу әртүрлі келеңсіз факторлардың әсерінен пайда болатын психикалық не психомоторлы қызметтердің дамымауы мен мидың морфологиялық қызметтерінің баяу жетілуінің көрінісі ретінде қарастырылады.

Психикалық дамуы тежелген балаларды бір жағынан нормада дамып келе жатқан құрдастарынан, екінші жағынан ақыл-ойы кем балалардан ажыратуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық зерттеулердің ПДТ балалардың барлық спецификалық ерекшеліктері туралы үлкен мәлімет қоры бар.

Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері бала өмірінің үшінші жылында байқала бастайды. Оларда байқалатын кемшіліктер төмендегідей:

- кеңістікті бағдарлау қабілетінің нашарлығы;
- ересектермен қарым-қатынасқа түсудегі эмоцияның төмендігі;
- сөйлеу тілі шыққанға дейінгі үілдеу, былдырлау кезеңдерінің кешеуілдеуі;
- моторика мен көру координациясының баяу дамуы.

Жоғарыда айтқандай, ПДТ кезіндегі балалардағы интеллектінің бұзылуы жеңіл түрімен ерекшеленеді, бірақ соған қарамастан барлық интеллектуалды процесстердің, атап айтқанда: қабылдау, зейін, ес, ойлау және сөйлеудің дамуына әсерін тигізеді.

ПДТ балаларды психологиялық тұрғыда зерттегендер қатарын ғалым В.И. Лубовский, Л.И. Переселени, И.Ю. Кулагина, Т.Д. Пускаева, т.б. құрайды. Аталған ғалымдар қатары ПДТ балалардың танымдық қызметтерін зерттеп, тәжірибелер жүргізген болатын. Аталған ғалымдар қатары ПДТ балалардың танымдық қызметтерін зерттеп, тәжірибелер жүргізген болатын. Сол тәжірибелерінің бірінде В.И. Лубовский ПДТ балалардың ерікті зейіндерінің дамуындағы жеткіліксіздігін, зейіннің шоғарлануы, көлемі мен бөлінгіштігіндегі дефекттердің атап өткен. Бұл балалардың зейіндері тұрақсыз, қысқауақыттық, кез-келген сырттан келетін стимулдар баланың назарын өзіне аударады.

Лубовскийдің айтуынша, бұл балалардың есте сақтау қабілеттері қабылдау мен зейін процесстерінің зақымдануына байланысты өзіндік спецификаға ие, және де бір-бірімен тығыз байланыста болады. В.Г. Лутоян психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың ырықсыз есте сақтауы нормада дамып келе жатқан құрдастарынан айтарлықтай төмен деп тұжырымдайды. Есте сақтаудың бұл түрі логикалық тәсілдермен, мақсатты түрде жүзеге асып, баланың қолайлы психикалық даму құрылымына, жүйелі оқуға бастау ретінде қаралады [3].

Көптеген ғалымдар ПДТ балалардың ойлау процесстерін талдау барысында бұл балаларда өз құрдастарынан артта қалушылық байқалатынын көрсетті. Яғни бұл жерде барлық ойлау операцияларының жеткіліксіз қалыптасуы туралы айтылады. Атап айтқанда анализ, синтез, абстрактылы ойлау, ойдың ауысуы сияқты операциялардағы арттақалушылық. Ойлаудың басқа психологиялық үрдістерден айырмашылығы, бұл әрекеттердің бір қиын мәселені, күрделі ситуацияны шешумен байланысты болады.

Жалпы бұл балалардың қоршаған орта туралы білімі өте таяз, шектеулі болып келеді. Қабылдаудың заттық және құрылымдық түрлері жеткіліксіз. Бұл балалар кез келген затты таныс емес ракурста, сызба, контур түрінде тани алмайды. Ұқсас, аналогиялық әріптер мен әріп элементтерін шатастыру жиі кездеседі.

Отандық психолог, ғалым К.Жарықбаев: «Адам іс-әрекеті – күрделі үдеріс. Адамның іс-әрекетінің қоғамдық маңызы зор. Адамның сана-сезімі өскен сайын, оның іс-әрекеті де жаңа мазмұнға ие болады» – деп айтқан екен. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың іс-әрекет ерекшеліктеріне тоқталып кетейін. Психикалық дамуы тежелген – ауытқудың жеңіл

түріне жататындығына қарамастан, бұл санаттағы балалардың дамуындағы негізгі бағыттардың тежелуіне кері ықпалын тигізеді. Психикалық дамуы тежелген мектепке дейінгі балаларда ересектермен қарым-қатынас жасау түрлерінде, қажетті адамдардың қандай да бір даму кезеңіндегі тәжірибе жинақтауын қамтамасыз ететін, тұтас әрекеттер түрлерінде тежелу болады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілі спецификасы көптеген артикуляциялық дыбыстарды бұзып айтумен, есту дифференциациясының бұзылысымен, сөздік қорының айқын шектелуімен, байланыстырып сөйлеудегі қиындықтарымен ерекшеленеді. ПДТ көбіне сөйлеудің дамуының тежелуімен, полиморфты дислалиямен, жазу тілінің бұзылуы, яғни дисграфия және дислексиямен қатар жүреді. Яғни, ПДТ балалардың сөйлеуіндегі өзіндік ерекшеліктер, олардың жалпы дамуындағы тежелумен тікелей байланысты.

Жалпы алғанда, психикалық дамуы тежелген балалардың тілдік дамуы темптің тежелуімен сипатталатын өзіндік ерекшеліктерге ие.

Сөйлеудің импрессивтік жағы, дыбыстарды және сөйлеу барысындағы түрлі реңктерді қабылдаудың талдауының болмауымен ерекшеленеді. Ал экспрессивтік жағына: сөздік қордың аздығы, дыбыстарды бұзып айту, сөйлеудің лексикалық-грамматикалық жағының кемшіліктері, аграмматизм, артикуляциялық аппараттың ақаулары, атап айтқанда, балалардың артикуляциялық күйді ұстап тұруындағы қиындықтары, тіл бұлшық еттері қатты сіресуі, бір күйден екінші күйге ауысудың мүмкін болмауы, тіс қатарындағы кемшіліктері, т.б. ПДТ балалардың сөйлеу тілінің дамуы ерекшелігі, олардың жасқа сай сөзжасам үдерісінің тежелуінен байқалады.

ПДТ балалардың оқуға деген ынта ерекшеліктерін айтпас бұрын, педагогикалық процесстегі ынта роліне, спецификасына тоқталып өтейін. Жалпы, «мотивация» термині латын сөзі, аудармасы қозғалту деген мағынаны білдіреді. Ынта – оқушыларды белсенді танымдық іс-әрекетке итермелейтін, оятатын әдіс-тәсілдер мен жұмыс жиынтығы. Ынта жайлы сөз қозғағанда біз «мотив» туралы айтпай кетуіміз мүмкін емес. Мотивтерді оқушылармен оқытушылар бірлесе басқарады. Оқу мотивациясы – тұлғаның күйі мен көзқарасының, қарым-қатынасының өзгеру процесі, ол оқушыны оқуға итермелейтін, белгілі іс-әрекеттерді орындауға түрткі болатын нақты күштер мен себептерді түсінуге жағдай жасайтын мотивтерге негізделеді [4].

Психикалық дамуы тежелген кіші мектеп жасындағы оқушыларда ұзақ уақыт бойы жетекші мотивация болып – ойын мотивациясы сақталады. Осыған байланысты бұл балалардағы оқуға деген қызығушылық пен керектіні түсіну дағдылары үлкен қиындықпен қалыптасады. Кіші мектеп жасындағы ПДТ оқушылардың көп бөлігінде мектеппен байланысты қызығушылық, оқу тапсырмаларын орындауға деген жауапкершілік мүлдем болмайды. Психикалық дамуы кешеуілдеген бала мектепте білім алар жасына жетсе де, мектепке дейінгі балалық қызығушылықтар шеңберінде қала береді. Бұл оқушылар сабақ барысында ойынмен байланысты тапсырмаларды жақсы орындап шығады. Жалпы алғанда, психикалық дамуы тежелген оқушылардың барлығына ортақ ерекшелік – оқу ынтасының кедейлігі, өте нашар болуы.

ПДТ балаларда мектепке қабылданған уақытта баланың физикалық дамуы артта қалу, мектепке баруға деген мотивтің қалыптаспауы, бала мектепке оқу үшін емес, ойын әрекетіне араласу үшін ғана баруға ықылас білдіруі, мектептің жалпы талаптары мен ережелеріне көндіге алмау, эмоциялы-ерік сферасы, интеллектуалдық қабілеттері төмендеу белгілері байқалады. Сонымен бірге, тапсырманы аяғына дейін орындамау, мектеп бағдарламасын игере алмау байқалады.

ПДТ кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу мотивациясы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізу барысында оқушылар бірінші сыныптан бастап-ақ төмен көрсеткіштер көрсетеді. Көптеген бақылау жұмыстары көрсеткендей, бұл оқушылардың мотивациялық әрекеттері көбіне сабаққа келген көңіл-күйіне байланысты болады екен.

Психикалық дамуы тежелген балалардың оқу мотивациясы ерекшеліктерін, оның құрылымын, қалыптастыру бойынша түзету жұмыстарын жасау үшін, әлбетте, ең алдымен диагностика жұмысын өткізу керек. Бұл жұмыстармен айналысқан ғалымдар аз емес. Олар ең алдымен ПДТ балалардың танымдық әрекетін, тұлғалық ерекшеліктерін зерттеп, бақылап, кейін әртүрлі тәжірибелер негізінде бұл балалардың оқу процесіндегі қызығушылықтарын, оқу мотивтерін, белсенділік дәрежелерін зерделеген болатын. Көптеген жүргізілген тәжірибелер нәтижелері жаңа білімді қалыптастырып, педагогика саласында үлкен маңызға ие.

Психикалық дамуы тежелген бірінші сынып оқушыларының «Қоршаған орта» сабақтарында оқуға деген ынталарының деңгейін анықтау үшін келесі әдістер қолданылды: Н.Г.Лусканова анкетасы (1993ж), М.Р. Гинзбург «оқу мотивациясы» әдісі және сурет арқылы анықтау әдістері [5].

Жоғарыда айтып кеткендей, психикалық дамуы тежелген кіші мектеп жасындағы балалардың басым, жетекші мотиві – ойын әрекеті. Сондықтан «Қоршаған орта» сабақтарында оқуға деген қызығушылықты арттыру үшін сабақты ойын түрінде өткізіп, ес, ойлау, зейін және сөйлеу қабілеттерін дамыту бойынша түзету жұмысын жүргізу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дүйсенбаев А.Қ., Балтымова М.Р. Арнайы педагогика. Алматы, 2015. – Б. 193.
2. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. Алматы, 2011 ж. – Б. 49.
3. Назарова Н.М. Специальная педагогика. – Издательский центр «Академия», 2005. – 270 б.
4. Лубовский В.И. Арнайы психология. Академия, 2005 жыл, 95-бет.
5. Черенева Е.А., Черенев Д.В. Пути формирования мотивации к учебной деятельности младших школьников с ЗПР // Сибирский педагогический журнал. – 2009. – №7. – Б. 277-285.

ВЛИЯНИЕ ИНТЕРНЕТА НА РАЗВИТИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ У СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Internet impact on tolerance building among the student youth

З.Д. Ахметбекова
Z.D. Akhmetbekova

Костанайский государственный педагогический университет им. У. Султангазина,
Костанай, Казахстан, *z-zharkungulova@mail.ru*

Аннотация

В статье рассматривается влияние интернета на развитие толерантности у студенческой молодежи. Предлагаются мероприятия, направленные на развитие толерантности у молодого поколения с помощью использования информационных технологий и способов онлайн-коммуникации в образовательном процессе.

Abstract

This article considers impact of the internet on tolerance building among the student youth and suggests conducting events to build tolerance among the younger generation using informational technologies and ways of on-line communication within the educational process.

Ключевые слова: толерантность, студенческая молодежь, интернет, информационные технологии, образование, развитие.

Key words: tolerance, student youth, Internet, Informational technologies, education, development.

В настоящее время новые информационно-коммуникационные технологии усилили возможности информационного воздействия на общество. Современную жизнь сейчас

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.А. Әбілдің құттықтау сөзі.....	3
Приветственное слово ректора Костанайского государственного педагогического университета имени У. Султангазина, доктора исторических наук, профессора Е.А. Әбіл.....	5
Greeting speech of the Rector of Kostanay state pedagogical university named after O Sultangazin, doctor of historical sciences, professor E.A. Abil.....	6

1 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ CURRENT ISSUES OF THE EDUCATION SYSTEM DEVELOPMENT

<i>Абдулина Г.Б.</i> Развитие учебной самостоятельности будущих техников-программистов на основе интерактивных средств изучения дисциплин профессионального цикла.....	8
<i>Абдыкаликова К.А., Қанезова А.М., Жунаева М.Н.</i> Органикалық заттардың құрылысын анықтауда физика-химиялық әдістерді қолдануға негізделген есептер.....	10
<i>Айгужина Г.З., Омаров А.Р., Темирғалиева С.Е.</i> Роль адаптивной физической культуры в социализации инвалидов и лиц, с отклонениями в состоянии здоровья.....	13
<i>Айтбенова А.А.</i> ICT сабағында CLIL әдісін қолданып тілдік күзiреттiлiктi қалыптастыру.....	16
<i>Алипбаева Г.А., Кабиева А.Н.</i> Психикалық дамуы тежелген кiшi мектеп жасындағы оқушылардың қоршаған орта сабақтарында оқуға деген ынталарын қалыптастыру бойынша түзету жұмысы.....	20
<i>Ахметбекова З.Д.</i> Влияние интернета на развитие толерантности у студенческой молодежи.....	24
<i>Ахметова Э.Б., Баймаганбетова К.Т.</i> География сабақтарында проблемалық оқыту әдістерін қолдану.....	27
<i>Балаканова А.Е.</i> Технология CLIL в преподавании общеобразовательных дисциплин.....	31
<i>Балжанова А.М.</i> Языковое образование в контексте современных образовательных тенденций в Казахстане.....	33
<i>Бекетова А.С., Гринь Л.В.</i> Современные инновации в системе образования.....	37
<i>Бектурганова Р.Ч., Кетебаева К.К.</i> Из опыта работы Костанайского колледжа Зерек по подготовке будущих учителей к исследовательской деятельности на основе информационно-коммуникационных технологий.....	40
<i>Бикенова Г.С., Садақбаева А.А.</i> Төменгі сынып оқушыларын шетел тілінде сөйлеуге үйретуде компьютерлік ойынның тиімділігі.....	44
<i>Брагин Е.А.</i> Изучение миграционных маршрутов и мест зимовок хищных птиц Костанайской области.....	46
<i>Волкова Н.А.</i> Формирование художественно-эстетической компетенции студентов-дизайнеров посредством декоративно-прикладного искусства.....	51
<i>Ерсултанова З.С.</i> Жоғары білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ролі.....	54
<i>Жандауова Ш.Е., Байтасова А.В.</i> Развитие логического мышления на уроках математики как основа повышения качества образовательного процесса.....	57